

2017 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Жітіқара ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 1 маусымдағы № 184 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 маусымда № 7105 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Жітіқара ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 5 мамырдан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

А. Ибраев

Әкімдіктің

2017 жылғы 1 маусымдағы

№ 184 қаулысына қосымша

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Жітіқара ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуы
II дала аймағы		
Дәнді дақылдар		
1	Жұмсақ жаздық бидай	2017 жылғы 15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін

2	Қатты жаздық бидай	2017 жылғы 18 мамырдан бастап 28 мамырға дейін
3	Арпа	2017 жылғы 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
4	Сұлы	2017 жылғы 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
5	Күздік қара бидай	2017 жылғы 25 тамыздан бастап 15 қыркүйекке дейін
6	Күздік бидай	2017 жылғы 25 тамыздан бастап 15 қыркүйекке дейін
7	Тары	2017 жылғы 20 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
Майлы дақылдар		
1	Күнбағыс	2017 жылғы 5 мамырдан бастап 18 мамырға дейін
2	Мақсары	2017 жылғы 10 мамырдан бастап 25 мамырға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК